

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Дональд В. Винникотт «Өтпелі
объектілер мен өтпелі феномендер»



Дональд Вудс Винникотт – британ дәрігер-педиатры. Ол Кембридждегі мектептердің бірі, Кингс-колледжде білім алған. Алғашқы еңбек жолын балалар ауруханасында педиатр қызметінен бастады. 1930 жылдардың ортасынан бастап, ол балалар психиатриясы және ана мен сәби арақатынасы мәселесімен айналыса бастады. Ол мыңдаған консультация өткізіп, ана мен бала арасындағы ең бірінші байланысқа қатысты, өз түсінігін үздіксіз шыңдай түсті. Винникотт ең танымал балалар психоаналитиктерінің бірі саналады. Ғалымның басты назары сәбидің ең алғашқы кезеңдегі эмоционалды дамуын зерттеуге бағытталды. Винникоттан басқа, өзінің бүкіл клиникалық қызметі барысында балаларға терапевтикалық консультациялар жүргізу мен ересек науқастарға анализ жасауды қатар өткізген аналитик болмады. Сондықтан ең алдымен Винникоттың ана мен бала арасындағы байланыстың құпиясын ашуға ұмтылуы таңғаларлық жайт емес.

Ол бұлтартпас ғылыми дәлелдерді, сенімді қабылдауға бар күшімен қарсы болды. Винникотт үшін ештеңе нақты әрі абсолютті емес еді. Әр адам өзінің шындығын тауып, айтуы тиіс. Берілгеннің барлығы тек бастан өткергеннің спектрі. Ол ұзақ жылдар бойы өзі бетпе бет келген клиникалық фактілерді қабылдауға болатын, ойға қонымды құрылым етуден бар күшін аямады.

Негізгі бөлім

Дональд Винникотт әуестік, құштарлық құбылысы, яғни Фрейдтің басты назарға алған құбылысы жеке тұлғаның дамуында ешқандай рөл ойнамайды немесе алатын орны аз деген көзқарасты жақтады. Мәселен, қарым-қатынастың қалай дамуына байланысты. Бұл бір жағынан, тым радикалды көзқарас болатын – қазіргі замандағы объект-теоретиктер әуестіктердің рөлін соншалықты азайтпайды, олардың өз орны бар. Дегенмен арақатынастың мән-мағынасына келер болсақ, Винникоттың пікірі дұрыс еді.

XX ғасырдың көп бөлігінде аналитиктер 2 үлкен тарапқа «бөлінді»:

1) Бір тарап, нәресте дүниеге ағза болып келеді және оның қарым-қатынасқа деген қажеттілігі мен олардың дамуы – сәбидің даму процесі мен оған анасы күтім жасау барысында біртіндеп дамуы тиіс құбылыс деп есептеді.

2) Ал екінші тараптағы ғалымдар нәрестені тек ағза ретінде қарастыру дұрыс емес, ол өмірге, қарым-қатынас жасауға дайын болып келеді және осы байланысты бірден түзе бастайды деп санады.

Винникотт осы екі көзқарастың орта шенін ұстанды. Сәби өмірге, қарым-қатынасқа деген қажеттілігімен туады, ал оған әзірлігі, қарым-қатынасты түзе білуі – уақытпен келетін құбылыс деп санады.

Винникотт өз концепциясының негізі ретінде «Өз» түсінігін алды. Ол болашақ адами «Мен» түсінігінің физиологиялық негізі. Адами «Мен» тек қарым-қатынас саласында және қарым-қатынас процесінде ғана дамиды.

Адам жеке тұлға ретінде дәл осы қоршаған ортамен қарым-қатынасында өмір сүреді, әлемнен тыс жерде ол жеке тұлға бола алмайды және тұлға ретінде қарастырыла алмайды.

Әуестік, мысалы, сексуалды әуестік, Винникоттың пікірінше, Менге қызмет көрсетеді: әуестік қарым-қатынасты белгілі бір энергиямен толықтырады – оның қызметінің мәні де осында. Адами «Мен» өзінің алғашқы физиологиялық қалпында, дүниеге келген сәтінен бері болады және оның даму процесін Винникотт тек белгілі бір аспектімен қарастырады: жеке тұлғаның дамуы – объектіге тәуелділіктің даму процесі. Тәуелділік біртіндеп өзінің мінезін, келбетін өзгертеді, өзі пайда болатын қалпын өзгертеді және адами Меннің эволюцияға ұшырау процесі де осы өзгерісте. Винникоттың негізгі тезисі бойынша: «сәби» деген құбылыс жоқ, «ана мен бала» деген құбылыс қана бар. Қарым-қатынастың тұтастығы туралы жоғарыда айтқанымыз да осы. Сәби өзімен-өзі бола алмайды, тек анасымен қарым-қатынаста ғана болады, терапия процесінде де солай – аналитика да, науқас та жоқ, ол екеуінің бөлінбейтін тұтастығы ғана бар. Тек осы аспектіде ғана біз оларды толығырақ қарастыра аламыз.



«Сәби мен ана» формуласы нәресте дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы апталарда барынша анық көрінеді. Осы ерте кезеңдегі сәбидің объектіге тәуелділігінің алғашқы жағдайын Винникотт абсолютті тәуелділік деп атайды, яғни нәресте анасының қолдауынсыз өмір сүре алмайды. Бұл тәуелділіктің абсолютті болуының себебі – сәби ол тәуелділік туралы білмейді де. Бұл кезеңде нәресте үшін объекті жоқ: анасының төсі – өзі, анасының қолы да өзі. Винникоттың тұжырымынша: алғашқы объект дегеніміз – ол субъект болып табылады.

Винникотт және британ психоаналитигі Мэлани Кляйн концепциялары арасындағы анық айырмашылық осы жерде білінеді. Кляйиннің пікірінше, ананың төсі сәби үшін о бастан бөлшектелген ұғымға тең және бірден махаббат пен агрессияның объектісі саналады. Ал Винникоттың көзқарасында ананың төсі тек тұтас қана емес – ол тұтасымен сәбидің жалғасы саналады және нәресте үшін өзінің агрессивті шабуылдарының объектісі емес, өмір сүрудің мәні саналады.

Өмірдің алғашқы жылы. Нәресте үшін, оның Меніне қатысы жоқ құбылыстар пайда бола бастаған кезде, оның бөлінбеген біртұтас әлемінен, ол үшін объектілер әлемі бөліне бастаған кезде бала бір мезгілде өзінің тәуелділігін сезіне бастайды және оның бойында тәуелсіздікке деген ұмтылыс пайда болады. Ерте дамудың негізі дегеніміз де осы.

Баланың алғашқы жылындағы дамуын мынадай үш кезеңмен сипаттауға болады:

1) **абсолютті тәуелділік кезеңі:** интеграция күйі – ана мен бала тән аспектісінде де, психикалық аспектіде де біртұтас;

2) **салыстырмалы тәуелділік кезеңі:** жекелену күйі – баланың тұлғасы қалыптаса бастайды, Меннің Мен еместен алғашқы айырмашылықтары біліне бастайды, баланың өзінің тәніне, өзінің меніне қатысы жоқ ретінде қабылданатын құбылыстар пайда бола бастайды. Объектілер әлемі пайда болып, абсолютті тәуелділік салыстырмалы тәуелділікке ауысады.

3) **салыстырмалы тәуелсіздік кезеңі:** біршама тәуелсіздікке қол жеткізу – нағыз объектілік қарым-қатынастың басталуын білдіреді.

Бұл кезеңдердің шегарасы өте жақын: мысалы, абсолютті тәуелділіктен, салыстырмалы тәуелділікке ауысу сәбидің 2 және 4 айлығы арасында өтеді, ал салыстырмалы тәуелсіздікке жету кезеңі баланың алғашқы жылының екінші жартысында да, екінші жылының алғашқы жартысында да жүруі мүмкін. Салыстырмалы тәуелсіздік кезеңі ешқашан аяқталмайды – тәуелсіздік әрқашан салыстырмалы түрде болады, бірақ абсолютті тәуелсіздік дәрежесіне жетпейді және мұның қажеті де жоқ. Тәуелсіздік адам өзін бақытты сезінетіндей дәрежеде ғана болуы мүмкін.

Енді осы өтпелі кезең қалай жүзеге асатыны жайлы толығырақ тоқталайық.

Винникоттың революциялық әсері сол – оған дейінгі психоаналитиктер де, психиатрлар да, философтар да, адам өмірінде тек екі нақты жағдай – ішкі нақты жағдай және сыртқы нақты жағдай ғана бар деп есептеді. Ол ішкі және сыртқы әлем немесе субъективті және объективті нақты жағдай деп аталды.

Винникотт алғаш болып үшінші нақты жағдайды, атап айтқанда, жоғарыда айтылған екі нақты жағдайдың арасындағы ауыспалы жағдай бар деген тұжырымды ұсынды. Ішкі және сыртқы нақты жағдайдың арасындағы көпір секілді қызмет атқаратын бұл аумақты Винникотт тікелей тәжірибе аумағы деп атады. Нәресте дүниеге келгенде ол біршама уақыт тек өзінің ішкі әлемінде өмір сүреді. Ол үшін сыртқы нақты жағдай жоқ, ол одан әлі алыста. Оның әлемі – елес қиялдардың әлемі. Әлемді осынау субъективті сезінуден ол сыртқы жағдайды сол қалпында қабылдауға өтуі тиіс. Мен сіздердің әрқайсыңыздың қазір осы жағдайды сезінгендеріңізді қалар едім: айналаның барлығы тек сен ғана деген сезімнен қоштасып, сенен басқа әлем де бар екенін сезіне бастау. Ол әлемнің саған ешқандай қатысы жоқ, сенің Меніңнің шегарасынан алыс, сенен бөлек және тәуелсіз өмір сүретін әлем.

Винникотт мұндай өтпелі кезең ешуақытта бір сәтте бола салмайды, әйтпесе бұл бала үшін тым ауыр соққы болар еді дейді. Бұл өтпелі кезең, біртіндеп жүзеге асырылуы тиіс және тікелей тәжірибе аумағы, қоршаған ортаны біртіндеп қабылдауға болатын өтпелі аумақ болып табылады.

Бұл көзқарасты Винникотт ауысу феноменін түсіндірген соң дамытты. Винникотт ауысу феноменінің пайда болуын нәрестенің 4 айдан 12 айға дейінгі өміріне тән дейді. Осы кезеңде



баланың бойында қандай да бір жұмсақ затқа деген ерекше құмарлық жиі көрініс табады. Ол жамылғының немесе жаялықтың шеті, мата болуы мүмкін. Тіпті бұл сөз ырғақ немесе қимыл болуы мүмкін. Сәби қолданатын осы алғашқы объектілерді Винникотт өтпелі объектілер деп атады. Мұның барлығы нәресте үшін өте маңызды және бағалы, ол баланың үздіксіз тәжірибесінің ағымы болып табылады. Винникотт клиникалық көзқарас тұрғысынан балаларда жиі байқалатын бұл құбылысты сипаттап, оны өтпелі объектіге қарым-қатынасы деп атайды. Оны объектілі қарым-қатынастан бөлек түсіндіреді.

Д. Винникотт: «Мен тәжірибенің аралық аумағын белгілеу үшін, «өтпелі объектілер» және «өтпелінің феномені» деген терминдерді ұсынамын, ол саусақ пен жұмсақ аюды сородуың арасында, оральді эротизм мен шынайы объектілі қарым-қатынастың ортасында, алғашқы шығармашылық белсенділік пен ішке енген құбылыстардың проекциясы арасында, «міндеттемелерді» алғашқы түсінбеушілік пен өз тәуелсіздігін мойындаудың арасында болады», – дейді. Винникотт өтпелі объектінің пайда болуын алғашқы иелік ету мен субъективті және объективті қабылдаудың арасында жатқан аралық аймақ арқылы қарастырады.

Винникотт ұсынған өтпелі объектілердің түсініктемесі: өтпелі объекті сәбиді депрессивті күйден сақтайды және оған анасы жоқ уақытты қиналмай өткізуге көмектеседі. Ол анасының жанында жоқ екенін сезеді, оның аузында өтпелі объект және бұл объект оған тыныштандыратындай әсер етеді.

Өтпелі объект – бұл сәби «Мен емеспін, дегенмен сәл де болса Менмін» деп қабылдайтын объект. Нәрестеге қоршаған әлемді біртіндеп, қиналмай қабылдауды қамтамасыз ететін де осы объект.

Өтпелі объектіде екі сипат бар:

1. Ол сәбиге анасының төсін, қарым-қатынастың бірінші объектісі ретінде көрсетеді;
2. Ол нақты жағдайды тестілеудің алдында жүреді. Өтпелі объект сәбидің Меніне қатысы жоқ нәрселерді бөлу үшін қызмет етеді.

Өтпелі объект өзгереді. Ерте кезеңде ол – жамылғының шеті, кейіннен бала өзімен барлық жерде – қыдыруда да, балабақшада да алып жүретін сүйікті ойыншығы. Кейбір ата-аналар баланың ойыншыққа осыншама бауыр басып қалғанына мазасызданып, сәбидің дамуында кедергі болады деп ойлайды. Мұндайда бір ереже бар: өтпелі объектіні баладан ешқашан күшпен тартып алуға болмайды, ол объект сәбиге керек, бұл оның қоршаған ортадан әлі толық бөлініп бітпегенін білдіреді. Объектіні тартып алған ата-ана бөліну жарақатын салуы мүмкін. Кейін бұл өтпелі объектінің балаға қажет болмай қалатын кезі міндетті түрде келеді. Ал ересектер өздерінің өмірінде мұндай өтпелі объектінің жеткілікті екенін байқамайды да, ол объектілер бір нәрсені алмастырып жүруі мүмкін. Винникотт өтпелі объектілермен және өтпелі құбылыстармен адам өміріндегі ойын, түрлі шығармашылық, діни сезімдер, сондай-ақ, өтірік, ұрлық, есірткіге тәуелділік, ығыр қылатын ритуалдар, махаббат сезімдерінің пайда болуы мен бұзылуы сияқты құбылыстарды байланыстырады.

Винникотт өтпелі феноменнің қалыпты екеніне назар аударады, дегенмен клиникалық тәжірибеде психикалық ауытқушылықтар кездеседі. Ол бөлінудің өтпелі феноменге қалай әсер ететініне және сәбидің бөліну мен жоғалтуға қалай төтеп беру әдісіне назар аударады.

Осылайша өтпелі феноменде психика құрылымы, өзі туралы хабар бере бастайды деп болжауға болады және өтпелі процесс оральді құмарлықпен байланысты болып, баланың өзінің бір бөлшегі деп санаған затты жоғалтуына қатысты болғандықтан бұл сәтте біз құрылымның пайда болуын көреміз.

Өтпелі аймақ, Винникотт иллюзиялар деп атаған мазмұнға толы. Иллюзия – бұл субъектінің саналы түрде, нақты жағдайдан бөлек қабылдайтын құбылыстары, дегенмен нақты жағдайдың барлық қасиеттері бар.

Балалар үшін бұл – белгілі бір уақыттан бастап анасының төсі ретінде қабылданбайтын, бірақ, соның символы болып саналатын өтпелі объект. Бала аузына салатын жамылғы ұшының, сәби анасының төсі сияқты маңызы бар, дегенмен ол, бұл зат пен анасының төсі арасындағы айырмашылықты сезеді. Кейінірек балалар үшін ойын осындай иллюзия бола бастайды. Мысалы, бала ересектердің ойыны – «соғыс» ойынын ойнап жүргенде мұның шын соғыс емес екенін, ешкім ешкімді өлтірмейтінін біледі. Дегенмен олар осы шын жағдайда болғандай



сезімдерді бастан өткереді. Ойын да, иллюзия саласының өнімі. Ересек адамның да өте көп иллюзиясы бар, олар оған қоршаған нақты жағдайды жеңіл қабылдауы үшін қажет: жақын адамы жоқ кезде оның суреті, кітап немесе фильм. Біз кино көріп отырғанда, оның арнайы сценарий екенін, актерлар ойнайтын қойылым екенін де білеміз. Дегенмен көріп отырған оқиғамыз расында болып жатқандай сезімде боламыз. Кішкентай бала өзіне айтылып отырған ертегінің ойдан шығарылғанын сезсе, оған қызығушылығы көбінесе жоғалып кетеді. Ал адам есейген шағында роман тудырған иллюзияны қабылдай алатын болады.

Егер Винникотттың анықтамасына сүйенетін болсақ, иллюзия аймағы – бұл ересек өмірде өнер және дінмен толтырылатын аймақ. Егер дәл осы нақты тәжірибе аймағында проблема болса, егер бұл сәбиді нақты жағдайды қабылдауда сақтандыра алмаса, яғни ол өтпелі объектімен, ойынмен толтырылмай бос қалса, онда ересек өмірде дін мен өнердің орнына, бұл бос орынды алкоголь мен есірткі толтырады. Олар адамға ұнамайтын нақты жағдайдан өзінің қиял әлеміне, елестеулер мен барлығы қолынан келетіндей сезінетін әлемге қайта оралу құралы болып қызмет етеді.

Винникотт нақты жағдайдың ауыр екені соншалықты, сақтандыру иллюзиясынсыз жеңіл қабылдануы мүмкін еместігін нақтылап айтқан. Алдымен балаға қоршаған ортаның барлығы өзінің жалғасы болып көрінуі мүмкін. Нәрестенің нақты жағдайды қабылдауы былай жүзеге асады: сәби өзінің қиялында, өз айналасында объектілер әлемін жасап алады, сосын, оның қауіпсіз екеніне көз жеткізген соң, оның ары қарай жалғаса беруіне мүмкіндік береді. Объектілер әлемінің қауіпсіз екеніне көз жеткізу үшін, ол тұрақты болуы тиіс. Ал егер, нақты жағдай қиял саласына уақытынан ерте бұзып-жарып кірсе, бұл нақты жағдайды баланың өзі емес, сол жағдайдың өзі дәрежі түрде жасай бастаса, ол қоршаған әлем болжай алмайтындай күйге түседі.

Винникотт психоанализге енгізген тағы бір түсінік – жеткілікті дәрежедегі жақсы ана. Ол бала дүниеге келген соң, ананың алғашқы уайымы немесе ананың қалыпты уайымы деп аталатын жағдайға ене алатын ана. Бұл – ананың баласын, өзінің тәнінің жалғасы ретінде, өзінің тәндік Мені ретінде сезіне алатын жағдайы. Егер осындай жағдай орын алса, ана мен сәбидің арасындағы ырғақ үндесе түседі, бұл ананың сәбиін емізетін сәті, баласының ана сүтіне деген қажеттілігімен бірге туындайды дегенді білдіреді. Бұл процесс мерзімді бола түседі, циклдер бір ізге түседі және сол уақытта сәби мынадай баға жетпес тәжірибеге қол жеткізеді: менің қалауым келген уақытта, сол қалауымды қанағаттандыратын нәрсе де дереу пайда болады. Бұл әкіді нәресте өзін барлығы қолынан келетіндей сезінеді: қалауым келгені сол екен, мен төске қол жеткіздім. Ана мен бала арасындағы дәл осы сезім, сәбиге қоршаған әлем тұрақты, болжай алатындай деген сезімнің негізін қалайды. Ол әлемді мен басқара алатындықтан тұрақты деген сияқты, бұл – әлемге деген негізгі сенімнің іргетасы.

Ана төсі қоршаған әлемнің бірінші объектісі ретінде тұрақты болғандықтан, ол менің тілегіме, менің қиялыма қарай қолжетімді болғандықтан, уақыт өте келе мен бұл төстің нақты жағдайда және менен тәуелсіз өмір сүруіне рұқсат бере аламын, себебі ол қауіпсіз. Бұл тәжірибе тағы бір маңызды құбылыстың негізі бола түседі – нәресте мазасызданбайды, өйткені сәби үшін ішкі талап-тілектің, ішкі шиеленістің пайда болуы алаңдаушылықты емес, қанағаттануға деген сезінуді білдіреді.

Егер анасы мұндай жақсы болмай шықса, ол баласымен оның қажеттілігін, тәнімен сезіне алатындай жағдайда үндеспесе немесе әйел өзінің аналық міндетін орындамаса, баласынан бейсаналы түрде бас тартуға жақын болса, ондай ана сәбиін, ол қажет еткенде емес, кесте бойынша емізе бастайды. Ондай сәтте бала, өзі қаламаған сәтте емеді немесе керісінше, өзі қалаған сәтте аш қалады. Баланың қиял әлеміне нақты жағдайдың уақытынан бұрын баса-көктеп кіруі деген осы.

Бұл иллюзия аймағының қалыптасуына кері ықпалын тигізетін ауыр тәжірибе. Винникотт бірнеше рет қайталап айтқандай, иллюзиямен сақтандырылмаған нақты жағдай – қорқынышты. Нақты жағдай, бұл қабырға секілді тұтас құбылыс, оны жұдырықпен төмпештегенмен қабырғаға ештеңе болмайды, ал сіз қолыңызды жарақаттап аласыз. Мысалы, метромен жүру. Теракт болмайды деген кепілдік жоқ. Дегенмен біз қорықпаймыз. Себебі біздің әрқайсымызда барша тілегіміз орындалатындай сезім болады, жарылыс болмайды. Өйткені біз оны қаламаймыз. Ал егер жарылыс бола қалса, онда бұл нақты жағдайдың, біздің қиял аймағымызға бұзып-жарып



кіруі деген сөз. Ондай жағдайда көп уақытқа дейін метромен жүруден қорқып қалуымыз мүмкін. Біз қоршаған әлем тұрақты, болжанатын болғандықтан оған сендік, кенет ол әлем тұрақтылығын жоғалтты және біз оған біраз уақытқа дейін сенбейтін боламыз.

«Егер нақты жағдай шынында да, баса-көктеп кірсе не болады? Винникотт «Мен» екі бөлікке бөлініп, әрқайсысы өз сценариімен әрекет етеді», – деп жазады. Олар:

1. Нақты жағдай қорқынышты және тұрақсыз болғандықтан мен онымен ешқандай байланысқа түспеймін, өзімнің ішкі әлеміме, өзімнің қиялдар әлеміме кетемін. Психотикалық әлеуметтің жүзеге асырылуы деген де осы.

2. Егер нақты жағдай қорқынышты және тұрақсыз болса, онда мен оны өзімді қауіпсіз ету үшін барымды саламын. Мен нақты жағдайға барынша бейім жағдайда боламын, өз қалауымнан тыс болса да, оның талаптарын орындайтын боламын.

Қорыта келгенде мынадай тұжырымдама жасауға болады: өтпелі объект алғашқы иеліктегі зат ретінде болады, ол аутоэротикалық феномен секілді, бас бармақ немесе жұдырықты сорғандай феномен.

Өтпелі объект о бастан ана төсімен сыртқы объект сияқты және ана төсімен галлюцинациялы, сиқырмен жасалған объекті сияқты байланыстан туындайды. Өтпелі объект бір жағынан анаға да, балаға да тиесілі емес, ал бір жағынан екеуіне де тиесілі, араларындағы байланыстырғыш секілді. Өтпелі объект объектіні қабылдауға қадам басу сәті болып табылады, мұнда нақты жағдайды сыннан өткізетін қызмет жұмыс істейді. Субъектіден шеттетілген ішкі объектіні қабылдау объективті қарым-қатынасқа әкеледі. Өтпелі объект жоғалған объекті сияқты уайымдалмайды, ол ана төсінің символы секілді және жоғалуды білдіруі мүмкін. Өтпелі объектіні субъект жоғалтқан, алғашқы қанағаттану объектісін еске алу деп атауға болады. Былайша айтқанда объект Мен және Мен еместің шегарасын орната отырып, объектімен бірігуден, объектіні бөлек құбылыс ретінде қабылдауға өту кезеңін білдіреді.

Өтпелі объект өзінің мәнін өзі жоғалтады, дегенмен оның рөлі субъект үшін жоғалып кетпейді. Өтпелі объект пен өтпелі құбылыстар, Винникоттың пікірінше, адам үшін нейтралды тәжірибе алаңы секілді, ол өмір бойы маңызды болып қалып, өнерде, ғылымда, шығармашылықта көрініс табады және мәдениеттің барлық саласын қамтиды.